КОПИЯ/КӨШІРМЕ

# ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
# Ш Е Ш І М

2025 жылғы 19 наурыз №4360-25-00-2/164 іс Қызылорда қаласы

Қызылорда облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында:
судья Б.Е.Елшібековтың төрағалық етуімен,
сот отырысының хатшылығында О.А.Хабиевтің отыруымен,
ашық сот отырысында мобильді бейнеконференцбайланыс арқылы қойылған талап бойынша электронды азаматтық істі қарады:

**ТАЛАП ҚОЮШЫ:**
«Қызылорда электр тарату тораптары компаниясы» акционерлік қоғамы

**ЖАУАПКЕР:**
Жеке кәсіпкер Роман Владимирович Романов

**ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:**
Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы

**СОТҚА ҚАТЫСҚАНДАР:**
Талап қоюшы өкілі Д.М.Махамбет
Жауапкер өкілі А.Н.Нурлыкарим

**СИПАТТАУ БӨЛІГІ:**

2024 жылғы 15 қарашада талап қоюшы (Тапсырыс беруші) мен жауапкер (Өнім беруші) арасында №697Т/ЗЦП тауарларды мемлекеттік сатып алу туралы (бұдан әрі - Шарт) жасалған. Шарттың жалпы сомасы 3 359 310 теңгені құраған.

Шарттың №1 қосымшасына және 3.1.-тармағының 11-тармақшасына сәйкес жауапкер 3 дана Тарату қаңқасының панелі тауарын тапсырыс бойынша 30 күнтізбелік күн ішінде жеткізуге тиіс болған.

Шарттың 8.1-тармағына сәйкес Шарт қол қойған күннен бастап күшіне енеді және 2024 жылғы 31 желтоқсанға дейін қолданылады.

Жауапкер шарт бойынша міндеттемесін тиісінше орындамауына байланысты талап қоюшы оны мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қоюымен 2025 жылғы 15 қаңтарда сотқа жүгінген.

Жауапкер талап қоюмен келіспей, жазбаша қарсы пікірін ұсынып, тауарлар 2024 жылғы 19 желтоқсанда жеткізіліп, 2025 жылғы 5 қаңтарда талап қоюшы сәйкессіздік актісін жасап қабылдамағанын, бүгінгі күнге техникалық ерекшелікке сәйкес тауарды жеткізуге дайын екенін, 2020

КОПИЯ/КӨШІРМЕ



жылдан осы күнге дейін 450-ден астам шарттар бойынша міндеттемелерін тиісінше орындап келгенін, жосықсыздар тізіліміне енгізілмегенін көрсетіп, талап қоюды қанағаттандырудан бас тартуды сұраған.

Талап қоюшы өкілі талап қоюды қолдап, бүгінгі күні Шарттың қолданылу мерзімі аяқталғанын, сондықтан тауарды қабылдай алмайтынын мәлімдеп, талабын қанағаттандыруды сұрады.

Жауапкер өкілі сот отырысында тауар өздеріне кеш келгенін, бүгінгі күнге тауарды жеткізуге дайын екенін мәлімдеп, талап қоюды қанағаттандырудан бас тартуды сұрады.

**<u>УӘЖДЕУ БӨЛІГІ:</u>**

Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің (бұдан әрі –АК) 386-бабының 1-бөлігіне сәйкес, шарт оны жасасқан кезден бастап күшіне енеді және тараптар үшін міндетті болып табылса, осы Кодекстің 272-273 баптарына сәйкес, міндеттеме - міндеттеме шарттары мен заң талаптарына сәйкес тиісінше орындалуға тиіс, ал заңдарда немесе шартта көзделгеннен басқа реттерде міндеттемені орындаудан біржақты бас тартуға және оның шарттарын біржақты өзгертуге жол берілмейді.

АК-нің 349-бабының 1-бөлігіне сәйкес, міндеттемені орындамау, не тиісті дәрежеде орындамау (мезгілінде орындамау, тауарлар мен жұмыстарды толық орындамау, міндеттеме мазмұнында белгіленген басқа жағдайларды бұзып орындау) - тиісінше орындамау оның бұзылуы деп түсініледі.

Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 4 желтоқсандағы №434-V «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының 12-бабының 4-тармағының 3)-тармақшасына сәйкес, өздерімен жасалған мемлекеттік сатып алу туралы шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған не тиісті түрде орындамаған өнім берушілер мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылар тізіліміне енгізіледі.

Шарттың 1-қосымшасына сәйкес, жауапкер 30 күнтізбелік күн ішінде тапсырыс берушінің жазбаша өтінімі негізінде тауарды жеткізуі тиіс.

Сот отырысында анықталғандай, тапсырыс беруші жауапкерге Шарт бойынша тауарларды жеткізуге мемлекеттік сатып алу веб-порталы арқылы 2024 жылғы 22 қарашада тапсырыс хаты жолдаған. Шарттың 1-қосымшасына сәйкес жауапкер жалпы сомасы 3 359 310 теңгені құраған 3 дана Тарату қаңқасының панел тауарын көрсетілген мерзімде техникалық ерекшелікке сәйкес толық комплектіде және Шарттың қолданылу мерзімі аяқталғанға дейін жеткізбеген. Яғни, жауапкермен Шарт бойынша өз міндеттемесі тиісті түрде орындалмаған.

Талап қоюшы осы талап қоюмен сотқа заңмен белгіленген мерзім ішінде 2025 жылғы 15 қаңтарда жүгінген.

Құжатқа қол қойылған: Елшібеков Б. Е., 31.03.2025

Заңды күшіне енген күні: 29.05.2025, судья Елшібеков Б. Е., 05.06.2025

КОПИЯ/КӨШІРМЕ



Жоғарыда анықталған жағдайларда, талап қанағаттандырылып, жауапкер мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылуға жатады.

Сонымен бірге, Қазақстан Республикасы Азаматтық процестік кодексінің (бұдан әрі - АПК) 117-бабына сәйкес, жауапкерден мемлекет кірісіне 1846 теңге мөлшерінде мемлекеттік баж өндірілуі тиіс.

**ҚАРАР БӨЛІГІ:**

АПК-нің 117, 223-226-баптарын басшылыққа ала отырып, **сот**

**ШЕШІМ ЕТТІ:**

Талап қоюшы «Қызылорда электр тарату тораптары компаниясы» акционерлік қоғамының жауапкер жеке кәсіпкер Роман Владимирович Романовты мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қоюы қанағаттандырылсын.

Жауапкер жеке кәсіпкер Роман Владимирович Романов мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

Жауапкер жеке кәсіпкер Роман Владимирович Романовтан мемлекет кірісіне сотшығысы 1966 (бір мың тоғыз жүз алпыс алты) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Шешімге наразы жақтармен шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап, ал сот талқылауына қатыспаған тұлғалармен өздеріне шешімнің көшірмелері жіберілген күннен бастап бір ай ішінде Қызылорда облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Қызылорда облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына АПК-нің 403, 404-баптарының талаптары сақтала отырып, апелляциялық шағым берілуі, прокурормен апелляциялық өтінішхат келтірілуі мүмкін.

**Судья** **Б.Е. Елшібеков**

Құжатқа қол қойылған: Елшібеков Б. Е., 31.03.2025

Заңды күшіне енген күні: 29.05.2025, судья Елшібеков Б. Е., 05.06.2025